



**Автор:** Қазбаева Шахризада Калауовна  
**Пән:** Қазақстан тарихы  
**Сынып:** 5-сынып  
**Бөлім:** Үйсіндер мен қаңлылар  
**Тақырып:** Қаңлылардың қоғамдық құрылысы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Оқушылар сабақ соңына қарай не үйренгенін қалайсыз? 5.3.1.2 - ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар істей алады: • Қаңлы атауының мағынасын біледі. • Қаңлы мемлекеті туралы мәліметтер қалдырған қытай авторлары туралы мәлімет біледі • Сыма Цянның жазған еңбектері жөнінде құнды ақпараттарды біледі • Қаңлы мемлекетінің әлсіреуі туралы түсінеді. Оқушылардың көпшілігі істей алады: • Қаңлы мемлекетінің көрші тайпа арасындағы айрмашылықты көрсетеді Кейбір оқушылар істей алады: • Қаңлы мемлекетінің саяси дамуындағы кезеңдерді сипаттап, анықтайды
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: «Қаңлы» атауы қандай мағына беретініне түсініктеме береді Негізгі сөздер мен тіркестер (пәнге арналған сөздік және терминология): Хроника, этнос Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер Сыма Цянь кім? Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? (айтылым бойынша) Қаңлылар қай аймақта өмір сүргенін айта аласыңба? Қаңлы мемлекетінің көршілерін ата? Қаңлы мемлекетінің астанасы қай қала? Оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдылары бойынша ұсыныстар: Оқулықпен жұмыс, кестемен жұмыс, сурет арқылы тапсырмалар орындау, Венн диаграммасы
Күтілетін нәтиже:	Ұлы Жібек Жолының пайда болу себептерін сипаттайды; Қаңлы мемлекетінің көрші елдермен қарым-қатынасын біледі.
Бағалау критерийлері:	• «Қаңлы» атауы қандай мағына беретіндігін түсіндіреді. • Қаңлы мемлекеті туралы мәліметтер қалдырған қытай авторларының деректері аса құнды мәліметтер екендігін түсіндіреді • Сыма Цянның жазған еңбегі туралы айтады • Қаңлы мемлекетінің әлсіреуі туралы түсіндіреді.
Құндылықтарды дарыту:	• Қарым-қатынас жасау қабілеті, • Жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті • Сыни тұрғыдан ойлау • Өзгелердің көзқарасына құрметпен қарау • Өмір бойы білім алу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайд
Пәнаралық байланыс:	География, дүниежүзі тарихы
Бастапқы білім:	Қаңлы мемлекетінің аумағын және көрші елдермен байланысты экономикалық тарихы туралы түсінік бар

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5)	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ынтымақтастық атмосферасы «Тілек тарату» арқылы оқушылар зейінін сабаққа аудару</p> <p>Стикер түсі арқылы 4 топқа бөлу</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қандай тайпалық қоғамдарды білесің?</li> <li>2. Қаңлы мемлекетінің аумағын ата?</li> <li>3. Қандай көрші елдермен шекаралас болды?</li> </ol>	
Сабақтың ортасы (30)	<p>Топтық жұмыс: 1. 1 тапсырма. «Мағынаны ажырату» әдісі арқылы әр топқа арнайы сұрақтар мен тапсырмалар беру, олар сол сұрақ арқылы оқулықтың көмегімен сұрақтарға жауап береді.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1 топ . «Қаңлы» атауы қандай мағына береді?</li> <li>2 топ: Сыма Цянь өз еңбегінде қаңлы қоғамын қалай сипаттады?</li> <li>3 топ: Қаңлы мемлекеті не себепті әлсіреді?</li> <li>4 топ: Қаңлылардың қоныстануы</li> </ol> <p>Әр топтың баяндамашы өз тапсырмаларын таныстырады Бағалау: Ханның қылышын табыстау</p> <p>Кері байланыс:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Топтық жұмыс сізге ұнады ма?</li> <li>2. Несімен ұнады?</li> <li>3. Сіз басқа топтың бақылау нәтижесімен келісесізбе?</li> <li>4. Неліктен?</li> </ol> <p>2-Тапсырма. «Ақпараттық органиайзер» Жұптық жұмыс Тапсырма Әлеуметтік топтардағы рөлі Міндеттері</p> <p>Хан Уәзір Көсем Егіншілер Құлдар</p> <p>Дескриптор - - Қаңлы қоғамындағы ханның міндетін сипаттайды; -- Қаңлы қоғамындағы уәзірдің міндетін сипаттайды; -- Қаңлы қоғамындағы көсемдердің міндетін сипаттайды; -- Қаңлы қоғамындағы егіншілердің міндетін сипаттайды; -- Қаңлы қоғамындағы құлдардың міндетін сипаттайды</p> <p>Бағалау: Ханның бас киімін беру</p> <p>3-тапсырма. Жеке тапсырма. Дәптермен жұмыс Тарихи сынақхат Қаңлы елінің билеушісі - ..... . Ел басқаруға оның үш орынбасары - ..... көмектесіп отырды. Қаңлы елі ..... иелікке бөлінді. Әр иелікті ..... басқарды. Кіші хандарға бағынатын тайпаларды ..... басқарды. Көсемдердің лауазымы ..... берілді. Бағалау: Ханның тағын табыстау</p>	
Сабақтың соңы (5)	<p>Кері байланыс: Тарихи сауал 1.Қаңлы елі өз ішінде неше иелікке бөлінген? 5 2.Қаңлы тайпаларында билік қалай беріліп отырды? Әкеден балаға 3.Кіші хандар кімге бағынған? Ұлы ханға 4.Уәзірлер кімдер? Елді басқаруға көмек көрсеткен 5.Қаңлы елінің астанасы? Битянь</p>	
Рефлексия	Білім баспалдағы	